



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

Center
of Excellence
Nazarbayev
Intellectual
Schools
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ САНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Битемір Айнаш Бескемпірқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
«Агротехникалық колледж» МКҚК
Ақмола облысы, Сандықтау ауданы
Каменка ауылы, Қазақстан
E-mail: bitemir73@mail.ru

Аңдатпа

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Мақалада студенттерге тілдік төрт дағдыны (айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым) ақпараттық-коммуникациялық технология элементтерінің көмегімен оқытудың тиімді жақтары қарастырылады.

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технология, жеті модуль, тілдік дағдылар, жаңашыл оқытушы

Аннотация

Овладение языком осуществляется по мировому опыту через четыре языковых навыка. В данной статье рассматривается как эффективно обучать четверем языковым навыкам (говорение, чтение, слушание, письмо) с помощью элементов информационно-коммуникационных технологий.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, семь модулей, языковые навыки, преподаватель-новатор

Abstract

Language acquisition is carried out according to world experience through four language skills. The article discusses that the study of four language skills (speaking, reading, listening, writing) how to effectively teach using elements of information and communication technologies.

Key words: information and communication technologies, seven modules, language skills, teacher-innovator

XXI ғасыр – жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры. Қазіргі таңда жаңашыл ұстаздың жаңа заман талабына сай студенттерге сапалы білім беруде сандық құзыреттілігінің, сауаттылығының болуы маңызды. Оқытушының жаңа заман талабына сай студенттерге сапалы білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдана алуы маңызды. Оқытудың өзі бір ғылым демекші, алдымен оқыту мен оқудағы жеті модульге тоқталуды жөн деп санаймын.

Кембридж оқу бағдарламасы «Тиімді оқыту мен оқу» деп аталып, ол жеті модульден тұрады: 1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыныптан тыс оқытуға үйрету. 3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Студенттерді жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу. 7. Оқытудағы басқару және көшбасшылық. [1, б. 5]


Бұл бағдарламасының мақсаты – педагогтердің біліктілігін арттыру. Осы тұрғыдан айтарым, «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасының жеті модульін сабаққа үйлестіре қолдану арқылы сабақтың тиімді жақтарының басым болатындығына көз жеткізіп келемін. Аталған жеті модульді сабақ жоспарларымды құрастыруда басшылыққа аламын. Төртінші модуль – оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану. АКТ оқытушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал. [1, б. 71] Сол себепті де әрбір сабағымды мәнді-мағыналы әрі қызықты өткізу мақсатында түрлі жаңа әдіс-тәсілдерді, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технология элементтерін қолданамын. Мұғалім өзі сабақ беретін пәнді ғана емес, оқыту технологияларын қолдану арқылы осы пәнді жетілдіру тәсілдерін де білуі керек. [1, б. 71] Алдымен сандық технология элементтерімен оқып-танысамын, қолдануды үйренемін, талдау жүргіземін, жинақтаймын, содан кейін тәжірибеден өткіземін. Әрбір сабағым дайындалу барысында сабақ жоспарымның оқу мақсаттарына сәйкес болуына үлкен мән беремін. Өз тәжірибемдегі ақпараттық-коммуникациялық технология элементтерін тілдік төрт дағдымен байланыстыру ісінің ұтымды болатындығына көзімді жеткізіп келемін. Осы мақсатта біршама ізденіс жұмыстарын жасадым, енді өз тәжірибеммен бөліскім келеді.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Коммуникативтік дағдылар: оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым. [2, б. 4] Біз алдын ала сабақ жоспарын дайындағанда тілдік дағдылардың ерекшелігін ескеруіміз керек, себебі ол тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Тілдік төрт дағдыны қалыптастыру арқылы грамматикалық білім жүзеге асатындығын ұмытпауға тиістіміз.

Айтылым. Айтылым – тілдік төрт дағдының бірі. Айтылым дегеніміз – өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану. Айтылым дағдысы барысында сөздерді дыбыстау, сұрақтарға жауап беру, интонацияны қолдану, бір нәрсені түсінбеген

жағдайда түсіндіріп беруді өтіну, сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру, пікірталасқа қатысу, сөйлеу барысында қажетті стильді қолдану, диалогқа қатысу, адамдармен сәлемдесу, сөйлеу сөзін жоспарлау (презентация жасау барысында), мимика қолдану, ақпаратты айту немесе сұрау, грамматикалық тұлғаларды қолдану, сөз және сөйлем екінін қолдану, сөйлеуші сөзін аяқтаған кезде, кезек алып сөз бастау, оқиғаны баяндап беру, сөйлемді қайта құрастыру (перифраз), яғни бір нәрсені айтып берудің басқа жолын қарастыру, сөйлеушінің сөзін бөлу, сөйлеу барысында кідіріс жасап отыру сияқты әрекеттер қолданылады. [2, б. 5] Айтылымға арналған сабақ құрылымы кіріспе бөлім, негізгі бөлім және бекіту бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімінде сабаққа қажетті жаңа сөздерді үйретуді жүзеге асырамын. Негізгі бөлімде осы жаңадан үйренген сөздер мен сөз тіркестерін меңгеруге арналған тапсырмаларды студенттердің өздеріне жасатамын. Бекіту бөлімінде үйренген сөздер мен сөз тіркестерін қолдану, яғни қазақ тілінде еркін сөйлеуі үшін тапсырмалар орындатамын. Айтылым дағдысын жүзеге асыру мақсатында төмендегі сайттарда әртүрлі тақырыптарда тапсырмалар құрастырып, қолданып келемін. Сол сайттардың бірнешеуіне тоқталып өткім келеді:

1. «LearningApps.org» сайты. Сөздікпен жұмыс. Оқытушы немесе студент сабақ барысында сайтқа тапсырманы алдын ала жасайды. Мақсат: Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасымен сәйкестендіру. Сондай-ақ сәйкестендіру барысында жеке сөздер мен сөз тіркестерін ауызша дұрыс айтуға үйренеді. Сонымен қатар белгілі бір тақырыпқа сөзжұмбақ та құрастыруға болады. Қолданылуы өте қарапайым сайт. (1–2 суреттер)



Сурет 1. «LearningApps.org»



Сурет 2. «Сөзжұмбақ»

2. «Tarsia maker» сайты. Аталған сайтта орындалатын тапсырмалар. Сабақ барысында студенттердің өздеріне жасатамын. Жасаған тапсырманы қағазға шығарып алып, үшбұрыштап қияды. Мақсат: Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасымен сәйкестендіру, есте сақтау. Сөздер мен сөз тіркестерін аудармасымен дұрыс сәйкестірген кезде әр түрлі фигуралар (үшбұрыш, көп бұрыш т.б.) құрастырылады. (3–4 суреттер)




Сурет 3. «Tarsia maker»




Сурет 4. «Сәйкестендіру»

3. «Flippity.net» және «Wordwall» сайттары. Жаңа сабақты бекіту немесе өткен сабақты еске түсіру мақсатында қолдануға болатын тиімді сайттар. Белгілі бір тақырыпқа байланысты сұрақтар құрастырылады. Спиннерді айналдырған кезде бір сұраққа келіп тоқтайды, сол сұраққа студент ауызша жауап береді. Мақсат: Ауызша жауаптар арқылы айтылым дағдысы жүзеге асады. Кері байланыс жасауға да өте тиімді. Әр студенттің неше сұраққа дұрыс жауап бергенін соңында компьютердегі кестеде көрсетіледі. Аталған сайттарға студенттердің аты-жөні алдын ала жазылып дайындалады. (5–6 суреттер)



Сурет 5. «Wordwall»



Сурет 6. «Flippity.net»

4. «Сөздер бұлтты» («Облако слов») жасалатын сайттар: wordart; wordcloud.online; wordcloud.pythonanywhere.com; wordclouds.com; wordcloud.pro Жоғарыдағы сайттардың кез келгенін пайдалануға болады. Алдымен белгілі бір мәтіннен тірек сөздерді теріп алып, сайтқа жазып енгіземіз. Сайт төмендегідей әртүрлі сурет формасында тірек сөздерді жазып шығарады. Қағазға шығарып, студентке тірек сөздерді қолдану арқылы мәтінді қысқаша мазмұндатуға, сонымен қатар жұптық жұмыста ортақ тапсырма ретінде ұсынып, диалог құрастыртуға, жеке жұмыс үшін монолог дайында-

туға болады. Сайттан шыққан түрлі түсті сөздер көрнекілік ретінде қолдануға болатын таптырмас көмекші құрал.

Оқылым. Оқылымға қабылдаушы дағдылар қатарына жатады. Қарапайым тілмен айтқанда, жазба тілдегі мәтінді оқып түсіну. Оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтудан гөрі оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет.

Оқылымның ішкі дағдылары:

1. Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу.

2. Нақты ақпаратты табу үшін оқу.

3. Детальды түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе–сөз оқу.

4. Сөз мағынасын контекстен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздердің мағынасын түсіну (болжау) үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемдерге назар аудару.

5. Мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

6. Болжай білу – мәтін тақырыбына, берілген суретке қарап болжай отырып, сабақтың тақырыбын табуда өз білімдерін қолданады.

7. Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу.

8. Экстенсивті оқылым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды оқу.


5. Интенсивті оқылым – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. [2, б.11]

Оқылым дағдысына арналған жалпы сабақтың құрылымы:

Оқылым алды орындалатын тапсырмалар – тақырып арқылы, сурет арқылы болжау, жаңа сөздерді алдын ала үйрету, мақал–мәтелдер арқылы болжау, ютубтан бейнежазба не фильм үзіндісін көрсету арқылы болжау т.б. Оқылым кезіндегі тапсырмалар: мәтінге тақырып қою, мәтін бөліктерін құрастыру, мәтіндегі негізгі ойды табу, мәтіннің негізгі идеясын түсіндіру, мәтінді талдау, мәліметтерді сәйкестендіру. Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек. [2, б. 12]


Оқылым дағдысын жүзеге асыру үшін төмендегі сайттарды қолданамын:

«Wordwall.net» сайты. Бұл әдісті оқылымнан кейін, яғни мәтінді оқып шыққаннан кейін қолдануға болады. «Шын–жалған» немесе «шын–жалған–айтылмаған» тапсырмасын аталған сайтта алдын ала дайындалап қолданылады. Сондай–ақ мәтіннен кейбір сөйлемдерді алып, оларды дұрыс орналастыру тапсырмасын да ұсынуға болады. Бұл – өте тиімді әрі қызықты сайттардың бірі. (7–9 суреттер)



Сурет 7. «Шын/жалған» Сурет 8. «Сөйлемдегі сөздер» Сурет 9. «Тұрақты тіркестер»

«Plickers» сайты. Тест тапсырмаларын алдын ала құрастырып, аталған сайт арқылы студенттерге интерактивті тақтадан көрсетуге болады. Студенттерде телефонның болуы міндетті емес. Студенттердің әрқайсысы сайтқа тіркеледі және олардың әрқайсысында коды болады. Арнайы кодтарды сайт өзі жасап береді, кодтар принтерден қағазға шығарылып, студенттерге таратылады. Сол коды бар қағаздар арқылы тест жұмысы тексеріледі. Ерекшелігі – оқытушы өз телефоны арқылы тест тапсырмаларының жауабын сканерлеу арқылы жылдам тексере алады. Кері байланысы да ерекше. Әр студенттің жауаптары, қателері, пайыздары т.б. талдана отырып, сайттағы кестеде анық көрсетіледі. (10–12)




Сурет 10. «Plickers»

Сурет 11. «Тест жұмысы»

Сурет 12. «Кері байланыс кестесі»

«Kahoot» сайты. Белгілі бір тақырып бойынша тест сұрақтарын құрастырасыз. Бұл сайттың ерекшелігі сол жасаған тест сұрақтарын әртүрлі формада және әртүрлі форматқа түрлендіріп беретіндігінде. Кері байланысы бар. Студенттер телефондарына аталған сайтты жүктеп алулары керек. Телефон арқылы тест сұрақтарына жауап береді. (13–15 суреттер)



Сурет 13. «Kahoot»

Сурет 14. «Тест жұмысынан»

Сурет 15. «Кері байланыс»

«Quiziz.com» сайты – танымал сайт. Мұнда да тест сұрақтарын құрастыруға болады. Кері байланысы бар. Қолдануға өте жеңіл сайттардың бірі.

«Quizlet» қосымшасын телефонға жүктеледі. Бұл қосымша сөздер мен сөз тіркестерін оқуға, аудармаларын жаттауға тиімді. Сонымен қатар сурет және сөзді салыстыру арқылы әртүрлі тапсырмалар жасауға болады. Мұнда тест жұмыстары да бар. Электронды карточкалар да жасауға да болады. Тіл мамандары үшін таптырмас электронды қосымша.

Тест сұрақтарын құрастырып, қолданатын сайттар көп. Әр сабақта тапсырмаларды түрлендіру және студенттерді жалықтырмау мақсатында сайттардың әрқайсысын қолданып көрген ұтымдырақ екенін айтқым келеді.

«Fyrexbox» сайты. Ссылка арқылы тест жіберіледі және кері байланыс беріледі. Студенттердің жауаптарын excel файлына жүктеуге болады. Тиімділігі: Алдыңғы тест пен кейінгі тест нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік береді.

«Socrative» сайты – өте қарапайым сайт. Тапсырма үш түрлі нұсқада: тест түрінде, дұрыс–дұрыс емес нұсқасы, қысқаша жазбаша жауап түрінде. Код нөмірімен сайтқа кіреді. Студент аты–жөнін жазады. Тест қорытындысы Google кестесі түрінде берілген интерактивті есеп арқылы немесе Excel файлын электронды поштасынан көре алады.

«Triventy.com» сайты. Викториналық сұрақтар сайтта алдын ала дайындалады. Студенттер телефондары арқылы triv.in сайтына есімдерін жазады. Qr коды немесе сандық кодтарды жазып кіреді. Сұрақтарға жауап беруге шектеулі ғана уақыт беріледі. Кері байланысы бар. Әр студенттің неше балл алғандығы қорытынды парақшасына шығады.

«ZipGrade» қосымшасын плеймаркеттен көшіріп аламыз. Қосымша текст қағаздарын дайын–дайды. Тест қағаздарын принтер арқылы шығарылып, студенттерге таратылады. Тест сұрақтары интерактивті тақтада көрсетіледі. Бағдарламаның өзі студенттердің жұмысын тексеріп береді. Жүз сұраққа дейін құрастыруға болады. Сканерлеу арқылы тексеріледі. Кері байланыс жасалынады. Неше сұраққа дұрыс жауап бергені, неше сұраққа қате жауап бергені және пайызы экранға шығады.

Тыңдалым. Тыңдалым дегеніміз – тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Ол үшін біз контекстіні, тілді және ғалам туралы білімімізді пайдаланамыз. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтиды.

Тыңдалым түрлері: Диалог, әңгімелер, хабарландыру, әндер, лекция, нұсқау, жарнама т.б.

Тыңдалым дағдылары мынандай ішкі дағдылардан тұрады: Мазмұнын түсіну үшін тыңдау, нақты ақпаратты алу үшін тыңдау, детальді түрде тыңдау, сөйлеушінің қарым–қатынасын анықтау үшін тыңдау, интенсивті тыңдау, экстенсивті тыңдалым. [2, б. 18]

«Narakeet.com» сайты тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін қолдануға болады. Кез келген мәтінді көшіріп алып, сайтқа салғанда арнайы дикторлар арқылы мәтін оқылады. Төрт диктор бар және өзіңізге дауысы ұнаған дикторды өзіңіз таңдайсыз. «Narakeet.com» сайты – тыңдалым дағдысын жүзеге асырудағы таптырмас, өте тиімді сайт.

Тыңдалымға арналған сабақ жүйесі:

1. Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы студенттердің білімін қозғау.

2. Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

3. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіре отырып, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет. [2, б. 19]

Тыңдалым дағдысын меңгерту мақсатында құрастырған сабағымнан:

Тыңдалым алдындағы тапсырма: (төмендегі сұрақтарға ауызша жауап береді)

- Каспий теңізі туралы не білесіңдер?
- Ол қайда орналасқан?

– Каспий теңізі тек Қазақстанның теңізі ме?

Жаңа сөздер мен сөз тіркестері: ғаламат, тұйық, қоректік, итбалық, кәсіптік маңыз, су айдыны, экологиялық шаралар (жаңа сөздермен танысады)

«Narakeet.com» сайты арқылы «Каспий теңізі» мәтінін (аудиожазбаны) алғаш рет тыңдайды. (Мәтінді тыңдап болғаннан кейін сұрақтарға жауап береді).

Жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтар:

1. Тыңдалым мәтіні не туралы?
2. Каспий теңізі қандай көл?
3. Каспий теңізінде нелер бар?

Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтар: (Аудиожазбаны екінші рет тыңдайды).

1. Каспий теңізі нақты қайда орналасқан?
2. Балықтардың адамдар үшін қандай маңызы бар?
3. Ең бағалы балықтар қалай аталады?
4. Каспийде өсімдіктердің қанша түрі кездеседі?
5. Балық пен жануарлардың қанша түрі бар?
6. Құстардың неше түрі бар?
7. Каспийдің шығыс жағалауына жыл сайын қанша құс қонақтайды?
8. Қанша құс қыстап шығады?

Талқылауға арналған сұрақтар:


1. Көз алдыңа Каспий теңізін елестете алдың ба?
2. Каспий теңізін қалай елестеттің?
3. Каспий теңізі байлығы мол теңіз бе?
4. Балықтардың кәсіптің маңызы зор дегенді қалай түсінесің?
5. Өзің табиғатты, теңізді жақсы көресің бе?
6. Каспий теңізін өз көзіңмен көргің келе ме?
7. Табиғатты адамзат не үшін қорғауы, сақтауы керек деп ойлайсың?

Жазылым. Жазылым – ойын басқа біреуге түсінікті болуы үшін, қағаз бетіне сауатты жеткізе білу. Қарапайым тілмен айтқанда, хабарды қағазға түсіру. Жазылым келесі көрсеткіштер бойынша бағаланады: тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылығы, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеуі, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын дәлелдеуі.

Жазылымның ішкі дағдылары: 1.Сауаттылық. 2.Ойды жеткізе білу. [2, б. 8]

Жазылым дағдысын дамыту мақсатында төмендегі әдіс–тәсілдерді қолданамын:

«Флэшкарточкалар» қосымшасы – тілдік төрт дағдыны меңгертуге арналған таптырмас көмекші құралдардың бірі. Қосымша алдымен телефонға жүктеледі. Студенттер жаңа сөздерді, сөз тіркестерін өз телефондарындағы қосымшаға жазып шығады. Аталған қосымша сол сөздерден бірнеше тапсырма құрастырады. Сөздерді, тіркестерді жаттау, тыңдау, аудармасын айту, сәйкестендіру, мағынасын табу, сөздер мен тіркестерді дұрыс жазуға үйренеді. Бұл қосымшада айтылым да, тыңдалым да, оқылым да, жазылым да бар. Қолданылуы қарапайым. (16–сурет)



Сурет 16. «Флэшкарточкалар» қосымшасы


Сабақ барысында интербелсенді тақталарды да қолдану оқытушының жұмысын жеңілдетеді. Алдын ала интербелсенді тақтаға тақырып бойынша құрастырылған тапсырмаларды, түрлі әдіс–тәсілдерді, көрсетілетін бейнежазба, суреттерді дайындап қоюға болады. Әр сабағымызды интербелсенді тақтаға сақтап қоя берсек, оны біз жыл сайын өзгерістер енгізе отырып, пайдалана береміз. Тақтаға жазып, өшіріп, қайта жазып отырмаймыз. Оқытушының уақыты мен күш–қуатын сақтау үшін өте тиімді сервис.

«Padlet» тақтасы– ең қарапайым интерактивті тақта. Бұл тақтаны қолдану өте жеңіл. Сурет, бейнежазба, аудиожазба, тапсырмалар т.б. алдын ала дайындап, жүктеп қоюға болады.

«Miro» тақтасында жасауға болатын жұмыстар: мәтін жазу, схема, суреттер қою, файлдарды жүктеу, стикерлерді жабыстыру, сурет салу, қолмен жазу, ақыл картасын құру, бір тақтада бір уақытта бірнеше студенттермен жұмыс жасау т.б.

«Mentimeter» бағдарламасымен жұмыс. Ментиметер – интерактивті тақта. Жаңа сабаққа керек–ті кесте, сызба, сурет т.б. алдын ала дайындауға немесе сабақ барысында жасауға болады. Тақта кері байланыс жасау үшін де тиімді. Барлық дайындалған тақталар сақталады. Сонымен қатар «Linoit» интерактивті тақтатүрі де бар.

«Qr code» сайты. Кюар кодтар біздің өмірімізде қазіргі таңда жиі қолданыста екені белгілі. Сабақты түрлендіру мақсатында, студенттердің қызығушылығын арттыру үшін кодтарды қолданған тиімдірек. Кодтарға ютубтан видеоға, гуглдан белгілі бір мәтінге, суретке т.б. сілтеме жасап, тапсырманы ұсынуға болады. (17 сурет)



Сурет 17. «Qr code» сайты арқылы дайындаған тапсырмаларым

«Glogster» арқылы интербелсенді плакат–постер жасау. Мәтін, бейнежазба, аудиожазба, суреттер қою арқылы плакат–постерлер жасауға болады. Топтық жұмыстарда белгілі тақырып бойынша студенттерге плакат–постер жасату үшін қолданылатын тиімді бағдарлама. Плакат–постерді қағазға шығаруға және сілтеме арқылы жіберуге де болады. Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша тапсырма беріп, жұмысты жинақтату үшін де қолайлы.

«Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасының жеті модулін ықпалдастыра отырып, соның ішінде ақпараттық–коммуникациялық технологияны сабақта үнемі қолданудың оқытушы және студенттер үшін тиімді, пайдалы жақтары мол екендігін баса айтқым келеді.

Қорыта айтқанда, жаңартылған білім беру бағдарламасының маңызы – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Студент өзінің колледж қабырғасында алған білімін өмірде қажетіне жарата білуі қажет. Сондықтан да бұл бағдарлама «өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Барлық ұстаздар қауымына зор жауапкершілік міндеттеледі. 21 ғасырда ұстаздар студенттерінің бойына қажетті тілдік дағдыларды (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дарыту үшін ұстаздар тынымсыз еңбектену керек. Білім алушылар қажетті дағдыларды меңгергенде ғана өмірдің барлық салаларында табысқа жете алады. Жаңартылған білім беру аясында тек қана өз мамандығын, өз пәнін шексіз сүйетін, әрбір білім алушы үшін ұстаздық ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді, еңбекқор оқытушылар ғана жұмыс істей алады. «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, жан–жақты, шығармашыл, еңбексүйгіш, ізденімпаз ұстаздар ғана табысты болып, жоғары нәтижеге жетеді. Сонымен қатар ұстаздар қауымы ғылым мен техниканың күн сайын жаңарып, тоқтаусыз дамып бара жатқандығына байланысты жаңалыққа жаны құмар, барлық көштің алдында жүретін нағыз жаңашыл педагог болулары қажет деп санаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Астана. 2016 ж.
2. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары. Оқу–әдістемелік құрал. Астана 2014 ж.